

## **9 дәріс. Ресей және шетелдік музейлердің білім беру қызметі тәжірибелері және ғылыми ізеністері**

### **Жоспар:**

1. Музейдегі оқушылар
2. Музей мен мектеп байланысы

Оқу-ағарту қызметі 1980-90 жылдардың тоғысында, ағарту саласының қызметкерлері мен мәдениет және білім беру жүйесіндегі бейіндік ғылыми-зерттеу институттарының мамандары осы бағыттағы күш-жігерін бір арнаға бағыттаған кезден бастап өзінің практикалық дамуы мен теориялық пайымдалуында жаңа серпінге ие болды. Музейдің білім беру қызметінің үшінші кезеңін межелеген осындай серіктестіктің алғашқы жемістерінің бірі «Музей және өскелең ұрпақ» семинарының (РКФСР ММ Мәдениеттану ҒЗИ музей педагогикасы секторы) негізінде бастауыш мектеп оқушыларына арналған «Музейный всеуч» (Е.Г. Ванслов) атты сабақтар курсы еді. Курс ойын әдістемесіне негізделген және тұрақты әрі саны көп аудиторияға арналған көпжылдық сабақтар циклі болып табылады.

Ресейлік тәжірибеде бұл жұмыс 4 пен 11 жас аралығындағы балаларды музей құралдарымен оқыту мәселесіне жаңа – жүйелік көзқарасты құрастыруға деген алғашқы талпыныс болды.

«Музейный всеуч» курсының міндеттері балайша белгіленген:

1. Әрбір баланың оны тәрбиелеуге деген кешенді көзқарас негізінде жан-жақты үйлесімді дамыту.
2. Баланың шығармашылық белсенділігін, эстетикалық сезімдерін, талғамдарын, идеалдарын музей құралдарының көмегімен қалыптастыру.
3. Балалардың бойында эмоциялар, қиял мен фантазияны дамыту.
4. Ғылыми дүниетанымын дамыту үшін табиғат пен қоғам тарихының құбылыстарын, процестері мен оқиғаларын деректендіруге саналы түрде атсалысу дағдыларын, тарихи сананы қалыптастыру.
5. Музей мәдениетін тәрбиелеу.

Көркемсуреттік емес бейіндегі сабақтардың әдістемелік әзірленімдерінің ең үздіктерін біріктірген «Музейный всеобуч» курсы эксперименталды сипатта болды және ең алдымен шеткері музейлерға есептеліп жасалған еді. Білім беру мекемелерінің салғырттығы салдарынан оның жүзеге асырылуы тым шектеулі болды. Әйтсе де, бастауыш мектеппен жұмыс істеудегі кешенді музейлік-педагогикалық тіжірибе жасауға деген осы алғашқы және өте пайдалы талпыныстың маңыздылығын атап өтпеске болмайды.

Ресейлік музейдің білім беру функциясы мен оның мектеппен өзара байланыстарын белгілеуде білім министрлігі жанындағы ғылыми-зерттеу ұжымы мәртебесіндегі «Музей және білім беру» атты проблемалық топтың қызметі ерекше мәнге ие болды. Ол топтың жұмысы қоғамның білім мен мәдениетті сақтауға деген айрықша қызығушылығына негізделіп жүргізілді. Топтың жариялаған материалдарында, мемлекеттік Дарвин музейі жобасына қатысты сценарийлік ұсыныстар, жобалық концепция және «Мектеп пен

музейдің өзара әрекеттесу мәселелері» тақырыбы бойынша әдістемелік материалдарды қоса, тұңғыш рет пәнаралық негізде мектептің айналасына шоғырланған тұрғымен ашық пікірталасқа түсе отыры, музейдің «педагогтық егемендігі» анықталды.

Құжатта Ресейлік музей экспозицияларының жай-күйі, сонымен қатар олардың ғылыми-ағартушылық қызметінің сипатына сыни көзқарас тұрғысынан баға берілді: «Қоғам мен мәдени мұра арасындағы «интерпретациялаушы қабат» бола тұра, тым қарабайыр түсінілетін ғылыми-ағартушылық доктрина өте тар диапазонға шоғырланған мазмұнды өткізетін тақырыптық «сүзгі» іспетті көрінеді. Осының нәтижесінде олар бізде «өнертанушылық музейлер» бар да, өнер музейлері жоқ, «жаратылыстану» музейлері бар, алайда табиғат музейлері жоқ, «этнографиялық» музейлер бар, бірақ ұлттық қауымдастықтар музейлері жоқ деп қорытынды жасайды. Тіпті музей көрмелерінің атаулары мамандарың мамандар үшін жазған ғылыми мақалаларының атауларына көбірек ұқсап кетеді. Бүгінгі музейге барушы адамға не керек десек, ол ең алдымен әлемнің келбеті, мәдениетке қатыстылық, мәдени өмірге тікелей атсалысу сезімі. Музейге келуші адамға класта қалып қалған жетесізге қарағандай көзқарас таныту бүгінде ескіліктің қалдығы болып табылады».

Өзара серіктестік педагогикасы тек мұғалім мен оқушы арасындағы ғана емес, оқу үдерісінің өзге ортасы болуын да қажет етіп отырған кезде авторитарлық педагогиканың таңбасынан арыла алмай келе жатқан мектепке де біраз орынды кінә тағылды. Музейдің айрықша сипаты туралы айта келе, мамандар тарих пен мәдениет шындығына жеке қатыстылықты сезіну тәжірибесі – өркениеттің өзге институттары бере алмайтын басты фактор екендігіне баса мән береді. Бұдан шығатын қорытынды: «Музейдің мәні білім беруде болмаса, музей педагогикасы да таза дидактика ретінде құрылуы мүмкін емес, өйткені ол музейдік-білім беру қызметінің тек бір көмекші қыры ғана. Әңгіме алғашқы кезекте құндылықтарға негізделген сананың санаттары туралы, заттың семиотикасы мен кеңістік феноменологиясы, музейде өрбитін мәдени-тарихи диалогтың драматургиясы, тек содан кейін барып қана – осы диалог жүзеге асырылуы мүмкін қатынас жасау мен әрекеттің нақты нысандары жөнінде және, ара-тұра, музейге келуші адамның зердесіне бағытталған, бірақ оның тұлғасын түгел қамтитын құндылықты түйсіну тәжірибесін қамтамасыз етуі тиіс қажетті «білімдер» турасында болғаны абзал.

Проблемалық топтың қатысушылары музейдің білім беру қызметінің бейіннен тыс ерекшелігін негізге алып, оны мынадай міндетті шарттарды орындай отырып қайта құруды талап етті:

- музейді үздіксіз білім беру жүйесінің бір бөлігі ретінде мойындау;
- музейлік білім берудегі қатынастың кеңістіктік-уақыттық нысандарының басымдығы;
- білім берудің музейлік және мектептік салаларының бір-бірін өзара толықтырып отыратын айырмашылықтары;
- музей мен мектептің өзара әрекеттесу жүйесін құрудың қажеттілігін

мойындау;

– музей педагогикасын мамандық және пәнаралық сипаттағы ғылыми пән ретінде түсіну.

Білім беруді адамға жақын ету және гуманитарландырудың өзекті мәселелерін қарастыру барысында Ресейлік және шетелдік музейлік-педагогикалық тәжірибені пайдалану музей мен мектептің білім беру институттары ретіндегі ерекше айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Мектеп реттелген оқу бағдарламаларына бағынады және білімнің барлық салаларында негізгі орта білім беруге бағытталған. Музей болса, қабылдаудың түрлілігі және тұлғаның қалауы мен қызығушылығының неғұрлым еркіндігі негізінде тереңдетіп оқу үшін қандай да бір пәнді таңдауға мүмкіндік береді.